

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт  
министрлігі Мәдениет  
көмитетінің төрағасы



Р. Қарибжанова

«БЕКІТІЛДІ»

«Жамбыл атындағы Қазақ  
мемлекеттік филармониясы»  
РМҚК-нің директоры



А. Абдуалиев

## «Өнеріміз саған – Қазақстан!» республикалық фестивалін дайындау және өткізу ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. «Өнеріміз саған - Қазақстан!» атты республикалық фестивалінің жалпы ережелері (бұдан әрі - Ережелер) Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" Заңының 7-бабының 9) және 12) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 56 бұйрығымен бекітілген Республикалық конкурстар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік қағидаларының 6-тармағына сәйкес «Өнеріміз саған - Қазақстан!» республикалық фестивалі (бұдан әрі - Фестиваль) әзірленді.

2. Фестиваль 2023 жылдың 22 қазанында Алматы қаласында «Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында» РМҚК (бұдан әрі – Филармония) өтеді.

### 2. Фестивальдің мақсаттары мен міндеттері

3. Фестивальдің мақсаты:

- 1) Қазақ халқының өнері мен мәдениетін Қазақстанда тұратын этностық топтар арасында жан-жақты насихаттау және дамыту;
- 2) Қазақстан халқының бірлігін сақтау және еліміздің көптүрлі мәдени ерекшеліктерін дамыту;
- 3) орындаушылардың кәсіби шеберлігін арттыру.

4. Фестивальдің міндеттері:

- 1) Қазақстанда тұратын түрлі этностар арасында қазақ халқының дәстүрлі өнерін жетік меңгерген талант иелерін анықтау;
- 2) Қазақстанда тұратын түрлі этностар арасында қазақ халқының ұлттық музыка мәдениетіне деген қызығушылықты арттыру;
- 3) Қазақстан халқының бірлігін, достығын және патриотизмін нығайту.

### 3. Фестивальді өткізу тәртібі

5. Фестивальге барлық этно-мәдени бірлестіктер қатыса алады (бұдан әрі – ЭМБ), қазақ ұлттық өнерін жетік меңгерген (домбыра, қобыз, сырнай және т.б. қазақ ұлттық аспаптарында ойнайтындар, қазақ әні мен би орындайтындар) этностық топ өкілдерінің жеке және топтық орындаушылары қатыса алады. Қатысушылардың жас мөлшері 18 мен 45 (қоса алғанда) аралығында болуы тиіс.

### 4. Фестиваль II кезеңнен тұрады.

#### I кезең

6. I кезеңге Қазақстанның барлық өңірлерінің ЭМБ өкілдері арнайы алдын-ала түсірілген бейнетаспа арқылы онлайн форматта қатысады және екінші кезеңге іріктеуден өтеді.

#### II кезең

7. II кезеңге өткен қатысушылар «Өнеріміз саған - Қазақстан!» республикалық фестивалінің Ұйымдастырушы комитетімен (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) іріктеліп, Алматы қаласында өтетін Гала-концертіне офлайн форматта қатысу үшін шақыру алады.

Орындалатын шығармалардың уақыты **5 минуттан** аспауы қажет.

8. Фестивальдің гала концертіне қазақстандық эстраданың жас жұлдыздары, халықаралық, республикалық байқаулар мен фестивальдердің жеңімпаздары мен лауреаттары шақырылады.

9. Фестивальге қатысу үшін жіберуші жақ жолдама хатымен келесі құжаттарды **2023 жылдың 1 қыркүйектен 1 қазан айына дейін** ұсынуы қажет:

- 1) жеке куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі
- 2) қатысушының шығармашылық өмірбаяны;
- 3) фото (JPEG форматындағы электронды түрде);
- 4) репертуар;
- 5) орындалатын нөмірлердің бейнежазбасы.

Құжаттар мына электрондық мекен-жайға жіберілуі тиіс: [onerkazakhstan.fest@mail.ru](mailto:onerkazakhstan.fest@mail.ru), жауапты байланыс телефоны: (7272) 291-81-57 немесе қолма-қол Алматы қ., Қалдаяқов көш., 35/23 үй, 24 каб.

10. Фестивальге қатысушылардың шығындары Ұйымдастырушы комитеті есебінен төленеді (жол, тәуліктік ақы, жатын орны).

11. Фестивальдің қатысушыларына дипломдар мен сувенирлер тапсырылады.

## **5. Ұйымдастыру комитеті**

12. Фестивальді өткізу осы Ереженің 1-қосымшасындағы құрам бойынша Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

13. Ұйымдастыру комитеті мүдделі ұйымдармен Фестивальді жүзеге асыру жөніндегі сұрақтар бойынша қарым-қатынастарды іске асырады.

14. Ұйымдастыру комитеті Фестивальді өткізу барысында туындайтын өзге де мәселелерді шешеді.

## **5. Қорытынды ереже**

15. Осы Ережемен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.